

**Сарыкөл аудандық мәслихатының 2018 жылғы 31 мамырдағы № 165 "Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Сарыкөл кентінің жергілікті қоғамдастық жиналысының регламентін бекіту туралы" шешіміне өзгеріс енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 2019 жылғы 5 қарашадағы № 293 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 15 қарашада № 8753 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 2020 жылғы 29 қаңтардағы № 318 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Сарыкөл ауданы мәслихатының 29.01.2020 № 318 шешімімен (халық саны екі мың адамнан көп кент үшін 01.01.2018 бастап және халық саны екі мың адам және одан аз ауылдар, ауылдық округтер үшін 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 39-3-бабының 3-1-тармағына сәйкес Сарыкөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Мәслихаттың "Қостанай облысы Сарыкөл ауданы Сарыкөл кентінің жергілікті қоғамдастық жиналысының регламентін бекіту туралы" 2018 жылғы 31 мамырдағы № 165 шешіміне (2018 жылы 21 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған, Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7835 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Регламенттің 4-тармағының он бірінші абзацы жаңа редакцияда жазылсын:

"жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын және тиісті аумақтарда орналасқан мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың басшыларын тағайындау бойыша ұсыныстар енгізу;"

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сессия төрағасы*

*Аудандық мәслихат хатшысы*

*Г. Батуринец*

*К. Базарбаева*